КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 15 желтоқсан №7119-25-00-2/13551 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Д.Смаилов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ 06» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШТІ:**

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ 06» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ 06» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 15.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.01.2026, судья Смаилов А. Д., 06.02.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

7119-25-3-1/13956